

"Мемлекеттік мүлік тізіліміне есепке алу объектілері деректерін енгізудің, сондай-ақ мемлекеттік мүлікке түгендеу, паспорттау және қайта бағалау жүргізудің бірыңғай әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 15 желтоқсандағы № 636 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 29 қарашадағы № 623 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 28 желтоқсанда № 14621 болып тіркелді.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік мүлік тізіліміне есепке алу объектілері деректерін енгізудің, сондай-ақ мемлекеттік мүлікке түгендеу, паспорттау және қайта бағалау жүргізудің бірыңғай әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 15 желтоқсандағы № 636 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7375 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде жарияланған, 2012 жылғы наурыз, № 3, 443-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік мүлік тізіліміне есепке алу объектілері деректерін енгізудің, сондай-ақ мемлекеттік мүлікке түгендеу, паспорттау және қайта бағалау жүргізудің бірыңғай әдістемесінде:

5-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) электрондық есеп Интернет желісінде www.gosreestr.kz мекенжайы бойынша Тізілімнің веб-порталында орналасқан бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы жасалады. Бағдарламалық қамтамасыз етумен жұмыс істеу нәтижесінде оған ұлттық куәландыру орталығы берген мемлекеттік заңды тұлғаның электрондық сандық қолтаңбасы қойылатын осы Әдістеменің 1, 2, 3 және 4-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша мүлікке түгендеу, паспорттау және қайта бағалау жүргізу нәтижелері жөніндегі ақпараты және № 325 бұйрығымен бекітілген Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларының 1-6 қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша мемлекеттік мекемелердің жылдық қаржылық есептілігі бар файлдар қалыптастырылады;"

1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес 4-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (Э.К. Өтепов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күннің ішінде оны мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеген күннен бастап он күнтізбелік күннің ішінде оны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика Министрлігі
Статистика комитетінің төрағасы

_____ Н. Айдапкелов

2016 жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы Қаржы
министрінің

2016 жылғы 29 қарашадағы
№ 636 бұйрығына 1-қосымша
Мемлекеттік мүлік тізіліміне
есепке алу объектілері
деректерін енгізудің, сондай-ақ
мемлекеттік мүлікке түгендеу,
паспорттау және қайта бағалау
жүргізудің бірыңғай
әдістемесіне 1-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

"31.12.20 __ ж. жағдай бойынша мүлікті түгендеу, паспорттау және қайта бағалау нәтижелері бойынша жиынтық ақпарат"

Есепті кезең _____ 20 __ ж.

11. Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер									
--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Ескертпе: * осы тармақты мемлекеттік кәсіпорындардың толтыруы міндетті емес
** жүргізілген паспорттау бойынша ақпаратты көрсете отырып
х бұл жайғасым толтыруға жатпайды

Бірінші басшы _____

(тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер _____

(тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

Мөр орны

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

"31.12.20 ____ ж. жағдай бойынша мүлікті түгендеу, паспорттау және қайта бағалау нәтижелері бойынша жиынтық ақпарат"

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме 31.12.20 ____ жылғы жағдай бойынша мүлікті түгендеу, паспорттау және қайта бағалау нәтижелері бойынша жиынтық ақпараттың нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша біріңғай талаптарды анықтайды.

2. Нысанға мемлекеттік заңды тұлғаның бірінші басшысы, ал оның жоқ болған жағдайында оның қызметін атқаратын тұлға қол қояды.

2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

3. Нысанның 1-бағанында мүлік түрі көрсетілген.

4. Нысанның 2-бағанында мүліктің саны көрсетіледі.

5. Нысанның 3-бағанында мүліктің алғашқы құны, теңгерімге қойған кездегі алғашқы қабылданғаны көрсетіледі.

6. Нысанның 4-бағанында қолдану кезеңінде жинақталған мүліктің тозуы көрсетіледі.

7. Нысанның 5-бағанында мүліктің баланстық құны оның қайтару құнынан артық болған құны көрсетіледі.

8. Нысанның 6-бағанында жинақталған амортизация мен құнсыздандудың шығындарын алғаннан кейін мүлік есепке алынатын құны көрсетіледі. (3-баған – 4-баған – 5-баған).

9. Нысанның 7-бағанында қайта бағалау сомасы көрсетіледі.

10. Нысанның 8-бағанында қайта бағалаудан кейінгі теңгерімдік құны көрсетіледі (6-баған + 7-баған).

11. Нысанның 9-бағанында техникалық паспорттары бар объектілер саны көрсетіледі.

12. Нысанның 10-бағанында есепті жылда паспорттау жүргізілген объектілер саны көрсетіледі.

13. Нысанның 11-бағанында паспорттау жүргізілуі қажет объектілер саны көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Қаржы
министрінің
2016 жылғы 29 қарашадағы
№ 636 бұйрығына 2-қосымша
Мемлекеттік мүлік тізіліміне
есепке алу объектілері
деректерін енгізудің, сондай-ақ
мемлекеттік мүлікке түгендеу,
паспорттау және қайта бағалау
жүргізудің бірыңғай
әдістемесіне 2-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

"Мемлекеттік заңды тұлғалардың үй-жай алаңдарына қажеттігі туралы ақпарат"

Есепті кезең _____ 20__ ж.

Индекс: 1- АҚ

Кезеңділігі: жыл сайын

Тапсырады: мемлекеттік заңды тұлғалар

Алушы: мемлекеттік мүлік тізілімі

Тапсыру мерзімі: жыл сайын, есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей

Нысан

Р/с №	Үй-жайдың атауы	Мемлекеттік заңды тұлғалар қызметшілерінің саны	Бекітілген нормативтерге сәйкес үй-жайдың алаңы, ш.м.	Үй-жайдың нақты алып отырған алаңы, ш.м.	Мемлекеттік заңды тұлғаны бекітілген нормативке сәйкес орналастыруға арналған қажетті алаң, ш.м.
1	2	3	4	5	6

Бірінші басшы _____
(тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер _____
(тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

Мөр орны

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

"Мемлекеттік заңды тұлғалардың үй-жай алаңдарына қажеттігі туралы ақпарат"

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Мемлекеттік заңды тұлғалардың үй-жай алаңдарына қажеттігі туралы ақпарат" нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды анықтайды.

2. Нысанға мемлекеттік заңды тұлғаның бірінші басшысы, ал ол жоқ болған жағдайда оның қызметін атқаратын тұлға қол қояды.

2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

3. Нысанның 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі.

4. Нысанның 2-бағанында үй-жайдың атауы көрсетіледі, атап айтқанда мемлекеттік заңды тұлғалары орналасқан әрбір жеке үй-жай толтырылады.

5. Нысанның 3-бағанында мемлекеттік заңды тұлғалардың қызметшілері саны, атап айтқанда осы үй-жайға орналасқан мемлекеттік заңды тұлғалардың саны көрсетіледі.

6. Нысанның 4-бағанында бекітілген нормативтеріне сәйкес үй-жайдың алаңы көрсетіледі.

7. Нысанның 5-бағанында мемлекеттік заңды тұлғаның нақты алып отырған алаңы көрсетіледі.

8. Нысанның 6-бағанында бекітілген нормативтерге сәйкес орналастыруға арналған мемлекеттік заңды тұлғаларға қажетті алаң көрсетіледі (6-баған, егер 5-бағанда көрсетілген мән 4-бағанында көрсетілген мәннен аз болса толтырылады).

Қазақстан Республикасы Қаржы
министрінің

2016 жылғы 29 қарашадағы
№ 636 бұйрығына 3-қосымша

Мемлекеттік мүлік тізіліміне
есепке алу объектілері

деректерін енгізудің, сондай-ақ
мемлекеттік мүлікке түгендеу,
паспорттау және қайта бағалау

жүргізудің бірыңғай
әдістемесіне 3-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

"Мемлекеттік заңды тұлғалар орналасып отырған ғимараттардың немесе үй-жайлардың" алаңдары

Есепті кезең _____ 20 ____ ж.

Индекс: 1- АА

Кезеңділігі: жыл сайын

Тапсырады: мемлекеттік заңды тұлғалар

Алушы: мемлекеттік мүлік тізілімі

Тапсыру мерзімі: жыл сайын, есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей

Нысан

Р/с №	Ғимараттың немесе үй-жайдың атауы	Ғимараттың немесе үй-жайдың орналасқан жері	Ғимараттың кадастрлік нөмері	Ғимарат немесе үй-жай туралы мәліметтер (жеке тұрған ғимарат, ғимараттың немесе ғимараттағы үй-жайдың бөлігі және т.б.)	Мемлекеттік заңды тұлғаларды орналастыру туралы мәліметтер		Мемлекеттік заңды тұлғалардың алып отырған ғимараттың немесе үй-жайдың алаңы, ш.м.			Жа. алы ала 1 п үш: құн тең
					Ғимарат немесе үй-жай жедел жүргізу немесе шаруашылық басқару құқығында бекітілген	Б а с қ а мемлекеттік заңды тұлғалардың үй-жайларында орналастырылған	Мемлекеттік емес заңды және/немесе жеке тұлғалардан жалға алынған	Жалпы алаңы	Пайдалы алаңы	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Ескертпе : * 11-13-бағандарды жалға алынатын үй-жайы бар болған жағдайда мемлекеттік мекемелер ғана толтырады

Бірінші басшы _____
(тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер _____
(тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

Мөр орны

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

"Мемлекеттік заңды тұлғалар орналасып отырған ғимараттардың немесе үй-жайлардың алаңдары бойынша ақпарат"

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Мемлекеттік заңды тұлғалар орналасып отырған ғимараттардың немесе үй-жайлардың алаңдары бойынша ақпарат" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды анықтайды.

2. Нысанға мемлекеттік заңды тұлғаның бірінші басшысы, ал ол жоқ болған жағдайда оның қызметін атқаратын тұлға қол қояды.

2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

3. Нысанның 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі.

4. Нысанның 2-бағанында ғимараттың немесе үй-жайдың атауы көрсетіледі.

5. Нысанның 3-бағанында ғимараттың немесе үй-жайдың орналасқан жері (мекенжайы) көрсетіледі.

6. Нысанның 4-бағанында ғимараттың немесе үй-жайдың кадастрлық нөмірі көрсетіледі.

7. Нысанның 5-бағанында ғимарат немесе үй-жай туралы мәліметтер (жеке тұрған ғимарат, ғимараттың немесе ғимараттағы үй-жайдың бөлігі және т.б.) көрсетіледі.

8. Нысанның 6, 7, 8 - бағандарында мемлекеттік заңды тұлғаның орналастырылуы туралы мәліметтер көрсетіледі.

9. Нысанның 9, 10 - бағандарында мемлекеттік заңды тұлға алып отырған ғимараттың немесе үй-жайдың жалпы және пайдалы алаңы көрсетіледі.

10. Нысанның 11-бағанында жалға алынған алаңның 1 шаршы метрі үшін құны көрсетіледі.

11. 12-бағанда ғимаратты немесе үй-жайды жалға алу бойынша бір айдың шығыны, теңгеде көрсетіледі.

12. 13-бағанда ғимаратты немесе үй-жайды жалға алу бойынша есептік жылдың шығыны, теңгеде көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Қаржы
министрінің
2016 жылғы 29 қарашадағы
№ 636 бұйрығына 4-қосымша
Мемлекеттік мүлік тізіліміне
есепке алу объектілері
деректерін енгізудің, сондай-ақ
мемлекеттік мүлікке түгендеу,
паспорттау және қайта бағалау
жүргізудің бірыңғай
әдістемесіне 4-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан "Мемлекеттік заңды тұлғаларды автомобильдермен жабдықтау бойынша ақпарат"

Есепті кезең _____ 20__ ж.

Индекс: 1- АЖ

Кезеңділігі: жыл сайын

Тапсырады: мемлекеттік заңды тұлғалар

Алушы: мемлекеттік мүлік тізілімі

Тапсыру мерзімі: жыл сайын, есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей

Нысан

р/с №	Мемлекеттік заңды тұлғаның атауы	Қызметтік немесе кезекші (оның ішінде автобустар)	Марка, модель, модификация	Мемлекеттік нөмір	Қозғалтқыштың көлемі, текше см						
						1	2	3	4	5	6

Кестенің жалғасы

Автомобильдің жабдықтары туралы мәліметтер			Автомобилді жалға алу бойынша бір айдың шығыны, теңге	Автомобилді жалға алу бойынша есептік жылдың шығыны, теңге
Жедел немесе шаруашылық басқару құқығында бекітіліп берілген автомобиль	Б а с қ а мемлекеттік заңды тұлғалардың пайдалануына берілген	Мемлекеттік емес заңды тұлғалардан және (немесе) жеке тұлғалардан жалға алынған		
7	8	9	10	11

Бірінші басшы _____
(тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер _____
(тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

Мөр орны

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

"Мемлекеттік заңды тұлғаларды автомобильдермен жабдықтау бойынша ақпарат"

1 Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Мемлекеттік заңды тұлғаларды автомобильдермен жабдықтау бойынша ақпарат" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды анықтайды.

2. Нысанға мемлекеттік заңды тұлғаның бірінші басшысы, ал ол жоқ болған жағдайда оның қызметін атқаратын тұлға қол қояды.

2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

3. Нысанның 1 - бағанында реттік нөмірі көрсетіледі.

4. Нысанның 2 - бағанында мемлекеттік заңды тұлғаның атауы көрсетіледі.
5. Нысанның 3 - бағанында қызметтік немесе кезекші автомобиль (оның ішінде автобустар) көрсетіледі.
6. Нысанның 4 - бағанында автомобильдің маркасы, моделі, модификациясы көрсетіледі.
7. Нысанның 5 - бағанында автомобильдің мемлекеттік нөмірі көрсетіледі.
8. Нысанның 6-бағанында автомобиль қозғалтқышының көлемі текше см көрсетіледі.
9. Нысанның 7, 8, 9 - бағандарында автомобильдің жабдықтары туралы мәліметтер көрсетіледі.
10. 10 - бағанда автомобильді жалға алу бойынша бір айдың шығыны, теңгеде көрсетіледі.
11. 11 - бағанда автомобильді жалға алу бойынша есептік жылдың шығыны, теңгеде көрсетіледі.